



Ақмешіт

28 сәуір
сейсенбі

№31 (2243)

2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» МАУСЫМДЫҚ СЕНБІЛІК ЕМЕС



Маусымдық сенбіліктермен ғана шектеліп келген тазалық мәселесі бүгінде Мемлекет басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» атты ауқымды мемлекеттік бастама деңгейіне көтерілді. Бұл қоясы жинау науқаны емес, елдің жаңа мәдени коды мен азаматтық қоғам қалыптастырудың стратегиялық жолы. Дала тазалығын сана тазалығымен ұштастырған бұл акция экологиялық саясаттың басым бағытына айналып, мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа форматтағы диалогқа жол ашты. Көше тазалаудан басталған жұмыс ендігі жерде заңнамалық реформаларға, цифрлық бақылауға және ұлттық құндылықтардың жаңғырумен жалғасын табады.

2024 жылдың сәуір айында басталған «Таза Қазақстан» акциясы қысқа мерзім ішінде нәтижеге қол жеткізді. Ел Укіметі мен Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, жалпы есеппен жеті миллионға жуық адам экологиялық іс-шараларға белсенді қатысқан. Бұл көрсеткіш ел тарихындағы ең ауқымды қоғамдық жұмылдырудың біріне айналды. Акция аясында 844 мың тоннадан астам қоқыс жиналып, арнайы полигондарға жеткізген. Бұл елдегі заңсыз үйінділер мәселесін шешуге үлкен серпін беріп, қалалар мен ауылдардың санитарлық жағдайын жаңа деңгейге көтерді. Елімізде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы кең ауқымда жүзеге асырылып келеді. 25 сәуірде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаманы қолдап, экомобильдермен бірге ағаш отырғызды. Акция аясында ел бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше мән берілуде. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, соңғы екі жылда

1,5 мыңнан астам экологиялық іс-шара ұйымдастырылған. Осы кезеңде 2 миллион тонна қоқыс жиналып, 5,5 миллионға жуық ағаш отырғызылған. Жыл сайын акцияға шамамен 6,5 миллион адам, оның ішінде 780 мың ерікті қатысады. Сонымен қатар 2021-2025 жылдары орман қорын толықтыру мақсатында 1 миллион гектардан астам аумаққа 1,6 миллиардтан астам көшет отырғызу жоспарланған. Елді мекендерде бес жыл ішінде 18,4 миллион ағаш егілген. Алдағы уақытта жүздеген мың гектар аумақты қамтитын экологиялық аймақтар құру көзделіп отыр. Бастама тек тазалық жұмыстарымен шектелмей, ел аумағын қоғалдандыру, қоғамдық орындарды абаттандыру және халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыруды көздейді. Елімізде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы кең ауқымда жүзеге асырылып келеді. 25 сәуірде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаманы қолдап, экомобильдермен бірге ағаш отырғызды. Акция аясында ел бойынша жүйелі

жұмыстар жүргізіліп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше мән берілуде. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, соңғы екі жылда 1,5 мыңнан астам экологиялық іс-шара ұйымдастырылған. Осы кезеңде 2 миллион тонна қоқыс жиналып, 5,5 миллионға жуық ағаш отырғызылған. Жыл сайын акцияға шамамен 6,5 миллион адам, оның ішінде 780 мың ерікті қатысады. Сонымен қатар 2021-2025 жылдары орман қорын толықтыру мақсатында 1 миллион гектардан астам аумаққа 1,6 миллиардтан астам көшет отырғызу жоспарланған. Елді мекендерде бес жыл ішінде 18,4 миллион ағаш егілген. Алдағы уақытта жүздеген мың гектар аумақты қамтитын экологиялық аймақтар құру көзделіп отыр. Бастама тек тазалық жұмыстарымен шектелмей, ел аумағын қоғалдандыру, қоғамдық орындарды абаттандыру және халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыруды көздейді.

4-БЕТТЕ

«Жүйіріктен жүйірік озар жарысқанда» дейміз, бірақ жүргізуші куәлігін алу нағыз жарысқа айналғандай. Тіпті өз күшінмен тапсыру «қиынның қиыны» дейді жұрт. Технология дамыған сайын құжат алу жолы жеңілдегенімен, тест сұрақтарының күрделенуі көпшілікті тығырыққа тіреп қойды. Бірқатар санат бойынша автомектепті оқымай-ақ, өз бетінше дайындалып келуге рұқсат берілген. Бірақ неге әлі күнге дейін автодромда құлайтындар көп? Артық шығынсыз және жүйкенізді тоздырмай куәлікке қалай қол жеткізуге болады?



ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН ОҚЫП АЛ

Мемлекет басшысы «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді жүйелі түрде жаңғырту және сұранысқа ие сервистерді онлайн форматқа көшіру жалғасын жатқанын айтты. Осы бағыттағы жұмыстар аясында үкіметте жол қауіпсіздігін арттыру мәселелері қаралды. Премьер-министр Олжас Бектенов төрағалық еткен жиында жол-көлік оқиғаларын азайту және құқық бұзушылықтардың алдын алу шаралары талқыланды.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, елімізде жыл сайын жол апатынан шамамен 40 мың адам жаракат алып, 2,5 мыңға жуық адам қаза табады екен. Соңғы уақытта көрсеткіштер аздап төмендегенімен, жағдай әлі де күрделі. Көп жағдайда жол апатына жүргізуші тәртібінң төмендігі, жол инфрақұрылымының әлсіздігі және көліктердің техникалық жағдайы себеп болады екен.

Жол қауіпсіздігін күшейту үшін бірқатар цифрлық шешімдер енгізілуде. Қазір республика бойынша 30 мыңға жуық бейнебақылау камерасы жұмыс істейді, олар заңбұзушылықтардың 60%-дан астамын тіркейді. Сонымен қатар орташа жылдамдықты бақылау жүйесі кеңейтіліп, «жасырын» патрульдеу тәжірибесі енгізілуде.

Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев жол апаттарының алдын алуға, ауыр салдарын төмендету бағытында жауу жүргініш өткелдерін салып, жол сызықтарының анық көрінуін арттыратын жаңа технологиялар қолданып жатқанын айтты.

Жол желілерін жаңғырту шеңберінде соңғы 5 жылда 11 мың шақырым жол немесе еліміздегі жолдардың жалпы ұзындығының 45%-ы I және II техникалық санаттарға ауыстырылды. Қарама-қарсы бағыттарды бөлу және жүру бөлігін кеңейту қауіпсіздікті арттырды. Жауу жүргініштердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және транзиттік көліктер елді мекендерді айналып өтуі үшін 65 жол және 38 жаяу жүргініштер өткелі салынды. 2030 жылға дейін тағы 2 мың шақырым жол салу жоспарланып, кейбірі бойынша жұмыс басталды, – деді көлік министрі Нұрлан Сауранбаев.

Сондай-ақ электр скутерлер мен мопедтерді пайдалануға қатысты талап қатаңдатылады. Үкімет үйіндегі құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстворалық комиссия отырысында премьер-министр Олжас Бектенов жүргізуші мәдениетін арттыру қажеттігін атап өтіп, ережелерді тек камера бар жерде емес, барлық жағдайда сақтау маңызды екенін айтты. Сонымен қатар мемлекеттік органдарға жол қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту және өңірлерде қосымша бақылау шараларын енгізу тапсырылды.

2-БЕТТЕ

БАҒДАРЛАМА

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ

Түсінгенге табыс көзі кәсіпте. Бүгінде кәсіппен айналысқысы келетіндердің қатары артты. Себебі мемлекеттен қолдау бар. Мәселен, «АМАНАТ» партиясының Үкіметпен бірлесіп іске қосқан «Ауыл аманаты» жобасы кәсіпкерлерге үлкен қолдау болды.

2-БЕТТЕ



ЗЕРДЕ

Елімізде жоғары оқу орындарына қабылдау жүйесі мен талапкерлерді іріктеу тетіктерінде ауқымды өзгеріс жоспарлануда. Соның ішінде ең басты жаңалық – Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) бір-ақ рет тапсыру ұсынысы.



ҰБТ: ЕНДІ ТАЛАПКЕРЛЕР БІР-АҚ РЕТ ТЕСТ ТАПСЫРАДЫ

Бұл туралы Премьер-министрінің орынбасары Аида Балаева мәлімдеді. Оның айтуынша, қазіргі жүйеде талапкерлердің бірнеше рет тест тапсыру мүмкіндігі болғанымен, бұл кей жағдайда нақты білім деңгейін объективті бағалауға кедергі келтіреді. Ал жаңа ұсыныс әр талапкердің білімін бір реттік нақты нәтиже арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Яғни, бұл тестілеуден бас тарту емес. Керісінше, дарынды талапкерлерді анықтап, әділ іріктеуге бағытталған маңызды қадам. Қазіргі таңда талапкерлер ҰБТ-ны бірнеше рет тапсырып, ең жоғары нәтижесін грант конкурсына ұсына алады. Алайда бұл жүйе кей жағдайда

дайындыққа көп мүмкіндік алған талапкерлер мен бір ғана мүмкіндікке сүйенген түлектер арасында теңсіздік тудыруы мүмкін деген пікірлер бар. Сондықтан бір реттік тестілеу енгізу арқылы барлық талапкер үшін тең жағдай жасау көзделіп отыр. Сонымен қатар бұл өзгеріс талапкерлердің жауапкершілігін арттырып, білім алуға ұмтылуы тиіс. Әсіресе педагогикалық мамандықтарға түсу кезінде арнайы емтихандарды да қамтиды. Мұндай тәсіл талапкерлердің тек теориялық білімін ғана емес, олардың сыни ойлау қабілетін, талдау жасау дағдысын, сондай-ақ қарым-қатынас мәдениетін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Жоспарланған тағы бір өзгеріс – жоғары оқу орындарына Foundation

бағдарламалары арқылы шартты қабылдау тәжірибесінен бас тарту. Қазіргі таңда мұндай бағдарлама арқылы қабылданған студенттердің бір бөлігі оқу барысында қажетті шекті балды жинай алмай, білімін жалғастыруда қиындықтарға тап болады. Осыған байланысты, білім сапасын арттыру мақсатында бұл тәжірибені қайта қарау ұсынылып отыр. Бұл өз кезегінде жоғары оқу орындарына дайын әрі қабілетті талапкерлердің түсуіне мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған өзгерістер білім беру жүйесін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған. Басты талап тек теориялық білім беруден шектелмей, нақты дағдыларды меңгерген, еңбек нарығына бейімделген мамандарды даярлау. ҰБТ жүйесіндегі өзгерістер де осы мақсатқа сай жүзеге асырылмақ.

А.АЙТЖАНОВА

Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге
2026 жылдың екінші
жартыжылдығына жазылу
жүзінде.
Қапы қалмаңыз, сүйікті
газетіңізге жазылуды
ұмытпаңыз.
Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге, мекемелер
үшін – 5000 теңге.
Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса, мына
номірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.



«АУЫЛ АМАНАТЫ»: КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ

Бұл – Мемлекет басшысының «Халық табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында қолға алынған бастама. Бұл жоба бойынша қалаға қарасты ауылдар мен кенттерде көптеген кәсіп ашылды. Атап айтқанда, 2025 жылы қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде жалпы құны 359,5 млн теңгені құрайтын 46 жоба қаржыландырылып, өз жұмысын бастаған. Оның ішінде 32 жоба 220,9 млн теңгеге 2024 жылдың қаржысы есебінен жүзеге асырылса, қалған 14 жоба 138,6 млн теңгеге 2025 жылға бөлінген қаражат аясында іске асырылды. Бұл көрсеткіш ауыл кәсіпкерлігінің жылдан-жылға да-

Атап айтқанда, «Ауыл аманаты» жобасы кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндік ашып берді. Сондай-ақ ауыл және кент тұрғындары үшін қамқорлықтың бір парасы іспетті. Жоба жүзеге аса бастағанда ауыл тұрғындары қуанды. Себебі олардың кәсібін қолдауға қаражат қажет екені белгілі. Несие алғандар қатарында Тасбөгет кентінің тұрғыны Нұрлыбек Ерімбетов те бар.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында мемлекеттен 8 миллион 600 мың теңге көлемінде қаржы алдым. Несие алу жөніндегі ұсыныс Тасбөгет кенті әкімшілігі тарапынан түсті. Бұл қаражатқа евроқоршау өндірісін бастадым. Евроқоршау – бетоннан жасалатын, берік, ұзақ мерзімге шыдайтын және заманауи дизайнға сай келетін қоршау түрі. Қалада бұл бағытта кәсіби түрде айналысатындар аз болғандықтан, осы кәсіпті таңдадым, – дейді ол.



мып келе жатқанын аңғартады. Ал 2026 жылға арналған жоспар одан да ауқымды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде 761 млн теңгеге 86 жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр. Мұнда ерекше назар өндіріс саласына аударылмақ. Яғни, берілетін несенің кемінде 50 пайызы өндірістік бағыттағы жобаларға бағытталады. Сонымен қатар 4 кооператив құру жоспарланған. Бұл өз кезегінде ауылдағы ұсақ шаруашылықтарды біріктіріп, олардың тиімділігін арттыруға жол ашады. Бағдарлама аясындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Биыл 2 ақпан мен 13 наурызда өткен комиссия отырыстарында 13 кәсіпкердің өтінімі қаралып, нәтижесінде 76,6 млн теңгеге 10 жоба мақұлданды. Бұл – кәсіп бастауға негізгі азаматтарға нақты қолдау көрсетіліп жатқанын білдіреді. Бүгінгі таңда қосымша 356,2 млн теңгені құрайтын 38 кәсіпкердің құжаттары арнайы порталға енгізілген. Оның ішінде 153,2 млн теңгені қамтитын 17 жоба алдағы комиссия қарауына дайын тұр.

Бүгінде Нұрлыбектің кәсібі тұрақты түрде жұмыс істеп тұр. Төрт адамды тұрақты жұмыспен қамтыған. Сонымен қатар тапсырыс көлеміне байланысты қосымша жұмысшылар тартылды.

– Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың нәтижесінде кәсіпті кеңейтуге мүмкіндік болды. Алдағы уақытта жаңа деңгейге шығуға, ісімді кеңейтуге жоспар бар. Биыл 2 ақпан мен 13 наурызда өткен комиссия отырыстарында 13 кәсіпкердің өтінімі қаралып, нәтижесінде 76,6 млн теңгеге 10 жоба мақұлданды. Бұл – кәсіп бастауға негізгі азаматтарға нақты қолдау көрсетіліп жатқанын білдіреді. Бүгінгі таңда қосымша 356,2 млн теңгені құрайтын 38 кәсіпкердің құжаттары арнайы порталға енгізілген. Оның ішінде 153,2 млн теңгені қамтитын 17 жоба алдағы комиссия қарауына дайын тұр.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛҒАН ЕМЕС



Әлеуметтік қызметтің әлеумет үшін маңызы зор. Осы орайда, мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетіліп жатқан көмек түрі, жұмыссыздық деңгейі, қамқорлыққа мұқтаж осал топтармен атқарылып жатқан жұмыс жайында қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаевамен сұхбаттасқан едік.

– Елімізде мүгедектігі бар адамдарға мемлекет тарапынан қаржылай жәрдемақы, оңалту қызметі, әлеуметтік және медициналық көмек көрсетіледі. Негізгі қолдау шарасына мүгедектігі бойынша ай сайынғы жәрдемақы, техникалық оңалту құралымен қамтамасыз ету, баспана алу жеңілдігі және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жатады. Ал сіздердің тарапыңыздан осы топтағы жандарға қандай жеңілдіктер көрсетіледі?

– Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау бар. Бұл барлық өңірде бірдей жүзеге асуда. «Әлеуметтік қызметтер порталы» арқылы жүріп-тұруында қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектердің жеке көмекші қызметіне ай сайын әлеуметтік төлем төленуде. Жыл басынан бері 1101 адам жеке көмекшімен қамтылып, 183 науқас 17 ымдау тілі маманының қызметін пайдалануда. Ал естуі және сөйлеу қабілеті бұзылғандарға кәсіби ымдау тілі мамандары қызмет көрсетуде.

Мүгедектігі бар адамдарды тасымалдауға биыл бюджеттен қаржы бөлініп, 26 «ИнваТакси» алынды. «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі тірек-қимыл аппараты бұзылған, арбада отыратын мүгедектер мен мүгедектігі бар балаларға 6 автокөлікпен, «Орда Қайсарлар» мүгедектер қоғамдық бірлестігі көру қабілеті нашар мүгедектігі бар адамдарға 10 автокөлікпен, «Тұран-шах Қызылорда» мүгедектер қоғамдық бірлестігі үдемелі бүйрек жетіспеушілігі (гемодиализ) салдарынан мүгедектігі бар адамдарға 10 автокөлікпен қызмет көрсетуде.

«Теп Оқпаш» орталығы мүгедектер қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүмкіндігі шектеулі жан-

дардың қоғамға бейімделуіне жәрдемдесу, психологиялық, әлеуметтік-құқықтық көмек ұсынып, бекітілген жоспар бойынша мәдени шара мен семинар-тренинг өткізуде.

Қаладағы «Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат үйіне» күндізгі жартылай стационарлық бөлімшеге – 191, зейнеткерлерге жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына – 118, №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында 12 адам тұрақты мемлекеттік жәрдеммен қамтамасыз етілуде. «Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» жанынан ашылған оңалту және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған оңалту

Тіркелген жұмыссыздар саны – 6639 болса, қоғамдық жұмысқа – 950, әлеуметтік жұмысқа – 165, жастар тәжірибесімен – 830, «Күміс жас» жобасына 400 адамды жіберу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ сотты болып, жазасын өтеген және пробация қызметі есебіндегі 38 жұмыс іздеушінің 5-і тұрақты жұмысқа орналса, 30-ы квота бойынша, 1-і күміс жаспен, 2-і қоғамдық жұмысқа тартылды. Жыл басынан мүгедектігі бар 298 азаматтың 25-і тұрақты, 14-і квота бойынша жұмыспен қамтылды.

– Халықты әлеуметтік қолдау жайына тоқталып өтсеңіз...

– Халықты әлеуметтік қолдау ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Сондықтан біздің бөлім

отырмаған жесірлеріне, Отан соғысында қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО медалімен, орденімен наградталған тыл ардагерлеріне, соғыс жылдарында кемінде 6 ай жұмыс істеген тыл ардагерлеріне, Ауған соғысының, Тәжікстан-Ауғанстан жерінде тәуелсіз мемлекеттер достастығының шекарасын қорғауға, Ирактағы халықаралық бітімгершілікке, таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысқа қатысқандарға және Ауған, Чернобыль, Совет Армиясының мүгедектеріне және Семей полигонынан зардап шеккен азаматтарға, ЧАЭС апатынан қайтыс болғандардың жесірлері санатындағы 944 адамға 9 мамыр қарсаңында бір жолғы әлеуметтік көмек төленеді.

Бұдан бөлек, мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтардан 213 науқасқа қосымша тамақтануға, лейкоз ауруымен ауыратын 24 балаға, АИТВ-инфекция диагнозы бар диспансерлік есепте тұрған 2 баланың ата-анасына әлеуметтік төлем төленді. Сонымен қатар 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысып, ақталған 8 адамға, ата-аналарымен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орнында, айдауда, жер аударуда немесе қоныс аударуда болған, қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сүргін құрбандарының балаларына қаржы қаралды. Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған 10 адамға бір реттік жәрдемақы төленді. Халықтың әлеуметтік осал тобынан ай сайын 250 адам ыстық тамақпен қамтылуда. Мемлекеттік қамқорлықты қажет ететін азаматтарға біздің бөлім тарапынан үздіксіз жәрдем беріледі. Мәселен, тұрғылықты жері жоқ адамдардың уақытша бейімдеу орталығындағы 77 азаматқа арнаулы-әлеуметтік қызмет көрсетілді. Жеке куәліктерін қайта рәсімдеуге, зейнеткерлікке, мүгедектікке шығуға, азаматтығын алуға құжат дайындауға көмек көрсетілді. Бүгінгі күнге денеаулық жағдайына байланысты 10 қызмет алушы ауруханада ем қабылдауда. Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығымен бас бостандығынан айыру орнынан босатылған және пробация қызметінің есебіндегі 180 адамға құқықтық, психологиялық көмекке қоса, медициналық анықтама алуға, үй, жер кезегіне тұруға көмек көрсетілді. Осы санаттағы жұмыссыздардың жыл басынан 35-і тұрақты жұмыспен, 30-ы квотамен, 2-і қоғамдық жұмыспен, 1-і «күміс жас» жобасымен жұмысқа орналасты.

Сұхбаттасқан
Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау бар. Бұл барлық өңірде бірдей жүзеге асуда. «Әлеуметтік қызметтер порталы» арқылы жүріп-тұруында қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектердің жеке көмекші қызметіне ай сайын әлеуметтік төлем төленуде.



орталығында 11 мүгедектігі бар бала ем алууда. Осындай қамқорлық шаралары алдағы уақытта жалғасын табады. Себебі денсаулығында кінәраты бар адам мемлекеттің жігі бақылауында.

– Қалада, қалаға қарасты ауылдарда жұмыссыздық мәселесі қалай шешіледі? Екі қолға бір күрек таппай сенделіп жүргендер қатары көп пе?

– Облыстық статистика департаментінің мәліметі бойынша 2024 жылдың қорытындысымен Қызылорда қаласында экономикалық белсенді халық саны 151301 адам, жұмыссыздық деңгейі – 4,5 пайыз, облыста – 4,6 пайыз. Биыл 1744 жаңа жұмыс орны құрылды. «Мансап» орталығына жұмыс іздеп 6787 адам хабарласа, 1744-і жұмыспен қамтылып, 528-і тұрақты жұмысқа орналасты.

халықты әлеуметтік қорғауға бағытталған 14 мемлекеттік қызмет түрін көрсетуде. Оның 13-і әлеуметтік төлем және 1-і көші-қон бағытында. Қызылорда қаласының аз қамтамасыз етілген азаматтарына электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, ауызсу және көріз су жүйелеріне, тұрғын үйді күтіп ұстауға жұмсалатын шығын, жылумен, қоқыс әкету, қатты отын алуға, абоненттік төлем, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу акысы, күрделі жөндеу қызметіне беріледі. 2026 жылға жергілікті бюджеттен 872 отбасына қаржы қаралып, 152 отбасының 430 адамына төленді. Сонымен қатар үйі ортенген 3 отбасыға материалдық көмек берілді. Екінші дүниежүзілік соғыс қатысушылары мен мүгедектеріне, қаза тапқан жауынгерлердің екінші рет некеге

Жолаушылар тасымалы нарығын реттеу үшін бірқатар жаңашылдық бар. Ішкі істер министрі такси агрегаторларымен бірлескен жұмыстан соң 63 мыңға жуық он рөлді автомобиль адам тасымалдауын тоқтатты. Ал бұрын рөлді оң жақта болған, яғни қайта жабдықталған автокөліктерді таксиде пайдалануға тыйым салу бойынша заңнамалық түзетулер әзірленуде.

Қазақстанда жүргізуші куәлігін алу тәртібіне бірқатар өзгеріс енгізу жоспарланды. Басты жаңалық – емтихан тапсыру ережесінің өзгеруі. Жаңа тәртіп бойынша азаматтар жүргізуші куәлігін алу үшін емтиханды шектеусіз тапсыра алады. Алайда әр әрекеттің арасында кемінде 10 күнтізбелік күн үзіліс сақталуы тиіс және кейінгі емтихан ақталып негізге жүргізіледі. Қазіргі жүйеде үміткерлерге 3 тегін мүмкіндік беріліп, одан кейін автоматтөпте қайта оқудан өту талап етіледі.

Сонымен қатар емтихан өткізуге заманауи технологиялар енгізіліп, экранда тек сұрақ қана емес, қосымша визуалды көріністер қолданылады. Мысалы жол жағдайы, белгі, немесе нақты ситуация көрсетіліп, талапкер сол жағдайға қарап жауап береді. Бұл кәдімгі тест емес, өмірге жақындалатын интерактивті формат. Практикалық емтихан барысында компьютерлік көру технологиясы қолданылады. Яғни көліктің ішінде және сыртындағы камералар жүргізушінің әр әрекетін автоматты түрде байқайды. Қауіпсіздік белдігін тақпаса, телефон қолданса, бағдаршамнан өтіп кетсе, қате бұрылыс жасаса жүйе жүргізушінің әрекетін автоматты түрде бақылап, тіркейді. Бұл емтиханның ашықтығын арттырып, заңбұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Жаңа емтихан жүйесі алдымен пилоттық жоба ретінде Астанада енгізіліп, цифрлық технологиялардың тиімділігі мен қауіпсіздігі тәжірибе жүзінде тексеріледі.

Бұдан бөлек, емтихан барысында ереже бұзғандарға қатысты әкімшілік жауапкершілік көзделген. Микроқұлаққап, жасырын камера сияқты құрылғыларды қолданған жағдайда айыппұл салынып, теориялық емтихан тапсыру құқығынан бір жылға дейін айыру қарастырылған. Өзгерістер автоматтөптеге де әсер етеді. Олардың қызметіне қойылатын талаптар күшейтіліп, лицензия жүйесін енгізу жоспарланды.

Биыл Астана қаласында, Ақмола және Павлодар облыстарында автоматтөпте қызметін ұйымдастыру және жүргізуші куәліктерін рәсімдеу барысында заңсыз сыйлақы алу деректері анықталған еді. Тергеу мәліметіне қарағанда, азаматтарға емтихан тапсыруға және жүргізуші куәлігін алуға

Басы 1-бетте

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН ОҚЫП АЛ



көмектескен. Жалпы сомасы 100 миллион теңгеден асатын 60-тан астам заңбұзушылық фактісі тіркелген екен. Емтихан тапсыру үшін арнайы дайындалғанын айтқан қала тұрғыны Ергали Ерсінулы арнайы курстан отудің жөні бөлек екенін айтады. «Ережелерді өзін-ақ жаттап алармын» деген ой болғанын да жасырмады. Алайда теориялық модульдер кезінде әрбір белгі мен бұрылыс жауапкершілік пен адам өмірі екенін терең түсінген ол жүйелі оқудың арқасында жол ережесін мұқият меңгерген.

– Практикалық модульдер де оңай болған жоқ. Көліктің алдыңғы және артқы жиектерін сезіну, тепкіштерді дұрыс басу қиындық туғызды. Бір ай дайындықтан соң мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына бардым. Алдымен теориялық сұрақтарды қайта-қайта пысықтап, қателеспейте

тырыстым. Дегенмен, емтихан залына кіргенде бәрібір қобалжу болады екен. Теориялық тест тапсыру кезінде әр сұраққа жауап берген сайын экранға қарап отырдым. Содан кейін ең жауапты кезең автодром басталды. Көлік жүргізу кезіндегі «остакада», «параллельді тұрақ» сияқты элементтер нақтылықты талап етеді. Сал мұлт кетсең, ұпай шегеріледі. Бірақ автоматтөптегі тәжірибенің арқасында тапсырманы байыппен орындап шықтым. Осылайша, аз уақыттың ішінде жүргізуші куәлігі қолыма тиді, – деді Ергали Ерсінулы.

Соңғы уақытта жүргізуші куәлігіне қатысты түрлі өзгерістер қоғамда қызу талқылануда. Өткен жылдың соңында әлеуметтік желіде келесі жылдан бастап, жүргізуші куәлігінің мерзімі өткеннен кейін, қайтадан емтихан тапсыру міндеттеледі деген ақпарат тараған еді. Алайда Ішкі істер министрі бұл ақпараттың жалған екенін, жүргізуші куәлігінің мерзімі өтсе, медициналық тексеруден соң құжат қалпына келтірілетінін айтты.

Сонымен бірге Цифрлық даму және жасанды интеллект вице-министрі Ростислав Конашкин жүргізуші куәлігін ауыстыру қызметін толықтай онлайн форматқа кезең-кезеңімен көшетінін, халыққа қызмет көрсету орталығындағы кезекті азайту мақсатында сәуір айынан бастап өтінімдерді электронды тапсыруға басымдық берілетінін мәлімдеді.

Қазақстандықтар биыл сәуірден бастап жүргізуші куәлігін оның жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін де eGov.kz порталы және eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы ауыстыра алады. Бұған дейін қызмет тек қолданыстағы құжат болған жағдайда, сондай-ақ оның жоғалуы, ұрлануы немесе тегі, аты-жөні өзгерген кезде ғана онлайн форматта көрсетілетін. Осы өзгерістер аясында жүргізушілерге қатысты түрлі ақпараттар таралуда.

«WhatsApp» мессенджерінде жүргізушілерге енді міндетті түрде барлық құжаттарды үнемі өзімен бірге алып жүру керек, олай болмаған жағдайда айыппұл көзделгенін, тіпті тексерулер жүріп жатқаны туралы ақпарат тарайды. Алайда құқық қорғау органдарының өкілдері бұл мәселеге қатысты заңнамалық ешқандай өзгерістер енгізілмегенін, барлық құжаттарды міндетті түрде өзімен бірге алып жүру керек деген хабарлама шыныдыққа жанаспайтынын айтты.

Зандық соңғы өзгерістер – жолдағы қауіпсіздік үшін жасалған қадам. Автодромдағы қателік – ұпай жоғалту болса, жол үстіндегі қателік – өмірге қауіп. «Көш жүре түзеледі» десе де, жол үстіндегі қозғалыс салғырттықты кешірмейді. Сондықтан әр жүргізуші жол ережесін сақтап, өз қауіпсіздігімен қатар өзгелердің де өміріне жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Думан КЕҢШІЛІК,
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

САЙЛАУ – 2026

Қызылөзек ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер Әбдіжаппар Сәкен Нысанұлы



ӨМІРБАЯНЫ

Әбдіжаппар Сәкен Нысанұлы 1963 жылы 8 қазанда Қызылорда облысы, Қазала ауданы, Сарыкөл ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ, білімі – жоғары.

1985-1992 жылы Шымкент политехникумының Өндірістік және азаматтық құрылыс факультетінде оқып, техник-құрылысшы мамандығы бойынша білім алған; 1993-2003 жылы «Қорқыт Ата» атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін оқып, экономист-менеджер мамандығын игерген.

2005-2007 жылы «Болашақ» университетінде Зантану мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 1990-1994 жылдар аралығында Қызылорда қалалық №9 кәсіптік-техникалық училищесінде өндіріс шебері болудан бастап, 1994-2000 жылдары «Әуез» жеке кәсіпорнында директор, 2000-2007 жылдары «Әуез ЛТД» жеке кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылуына байланысты осы мекеменің директоры болып қызмет атқарған.

2007-2008 жылдары «Тұрғын үй қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директоры;

2008-2009 жылдары «Қызылорда жарық сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директоры;

26.05.2009-09.11.2009 жыл аралығында «Қызылорда жылу орталығы» мемлекеттік коммуналдық мекемесіне қарасты «Белкөл» кенті жылу орталығы бастышы;

09.11.2009-09.11.2010 жыл аралығында «Ұлттық Зейнетақы Қоры» «Аманат Қазақстан» акционерлік қоғамы Қызылорда облысы және Қызылорда қаласы бойынша аумақтық директоры;

2010-2015 жылдары «Ауыз ЛТД» ЖШС-да коммерциялық директор;

2015-2017 жылдары «Тұрғын үй Қызылорда» ЖШС-не директоры орынбасары;

2017-2018 жылдары Қызылорда ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

29.06.2018 жылдан бастап Қызылөзек ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді. Отбасылы, бір ұл, бір қыз тәрбиелеуде.

Марапаттары:

2018 жылы «Қызылорда қаласына 200 жыл» мерекелік медалімен;

2018 жылы «Тасбөгет кентіне 70 жыл» мерекелік медалімен;

2018 жылы «Ж.Маханбетов ауылына 90 жыл» мерекелік медалімен;

2024 жылы Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет» грамотасымен;

2025 жылы «Үздік ауыл әкімі» номинациясымен және бірнеше рет Қызылорда облысы және Қызылорда қаласы әкімдерінің Алғыс хаттарымен марапатталған.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл әкімдерінің диалог алаңында «Ауыл – ұлтымыздың өзегі. Ауылдарымыз мықты болса, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше» деп атап өткендей, қазіргі заманауи ауыл әкімі цифрлық мүмкіндіктерді меңгерген, мемлекеттік бағдарламаларды тиімді іске асыра алатын, инвесторлармен жұмыс істей білетін, ең бастысы – елге жанашыр, адал басшы болуы тиіс деп есептеймін.

Мұндай талаптар орындалғанда ғана ауыл экономикасы дамып, жастарға мүмкіндік көбейіп, ауылдың болашағына сенім нығаятынын көп жылдық тәжірибемнен білемін. Себебі 2018 жылдан бері осы Қызылөзек ауылдық округінің әкімі болып қызмет етудемін. Сол уақыттан бері халықпен бірлескен еңбегімнің арқасында ауылдық округімізде кейінгі ұрпаққа үлгі болып қаларлық ауқымды іс атқарылды. Мен ауылдың әрбір көшесін, тұрғындардың мұмқтажын жақсы білемін және бұл тәжірибемді ауылды одан әрі дамытуға жұмсаймын.

Мақсатым – ауылды заманауи, жайлы және тұрғындар үшін қолайлы мекенге айналдыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

1. Қызылөзек ауылдық округіне қарасты елді мекендерді табиғи газбен қамту мақсатында былтырғы жылы дайындалған жобалық-сметалық құжаттар негізінде республикалық және облыстық бюджеттерден қаражат бөлінуіне және ауылды толықтай газдандыру жұмысына атсалысу.

2. Ауылдық округтегі электр желілерін жаңғырту, жанадан қосалқы станциялар мен бағаналарын жартууды 2026 жылдың күз айларына дейін толық аяқтап, пайдалануға беру.

3. Айнақол, Қараөзек бекеті елді мекендеріне жанадан көше жолдарын салу жұмыстарын қолға алу, ауылдық округ бойынша жөндеу жұмысы басталған көшелердің жұмысын уақытылы аяқтап, жергілікті тұрғындардың игілігіне пайдалануға беру. Ауылдық округтегі көшелердің жөндеу жұмыстарының үлесін 100 пайызға жеткізу.

4. Тұрғындардың ұсыныс-тілегіне орай, «Қараөзек» орталық мешітінің құжаттарын демеушілік есебінен рәсімдеу, ауласын абаттандыру жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;

5. Елді мекендерде балаларға арналған ойын алаңдарын орнату.

6. Ауыл жастарының спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасап, спорт гимназиясын салдыруға жұмыс істеу.

7. Кейбір көшелерге жаяу жүргіншілер жолдарын салуға атсалысу.

8. «Қараөзек» ауылдық клубына ағымдағы жөндеу және ауласын абаттандыру жұмыстарын жүргізу. Клубты LED экранмен қамтамасыз етіп, дыбыс аппаратураларын жанару.

9. Ауылдық округ бойынша абаттандыру жұмыстары мен елді мекендерге кіре беріс жолдарды, көшелерді саулетке сәйкестендіріп ретке келтіру.

10. Қараөзек бекеті елді мекені мен Қараөзек ауылдарын аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында электр насос қондырғыларын орнату.

11. Ауылдық округте төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында өрт сөндіру бекеті мен қылмыстың алдын алу іс-шараларын нығайту мақсатында учаскелік полиция бекетін орнату үшін бюджеттік өтінімдерін дайындау.

12. Ауылдық округ аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында жұмыстарды жандандырып, ауылдық округ бюджетіне жергілікті салықтан түсетін кіріс көздерін ұлғайту.

13. Мемлекеттік бағдарламалар аясында жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік және қоғамдық мақсаттарға, ауыл жастарын «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында жұмыспен қамтуға жағдай жасау.

14. Ауыл шаруашылығын дамытуда мал тұқымын асыздандыруға, мал басын көбейтуге, шаруа қожалықтары құрылымдарының, ауылшаруашылық кооперативтерінің санын арттыру бағытында жұмыс істеу.

15. Ауылдың тыныс-тіршілігіне қатысты маңызды шешімдерді жергілікті қоғамдастықпен бірлесіп қабылдау, өзекті мәселелерді талқылап, жергілікті бюджетке ұсыныс беру.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

АУЫЛДЫ БЕС САУСАҒЫНДАЙ БІЛЕДІ

Қазақта «әкім бол, халқыңа жақын бол» деген сөз бар. Қызылөзек ауылдық округінің әкімі Сәкен Әбдіжаппар халыққа жақын болған басшы. Қанша жыл ауыл әкімі болып қызмет етіп келе жатса, сол уақыт аралығында ауыл тұрғындарымен тонның ішкі бауындай араласып, ауылдың ғана емес, әр отбасының жағдайын жақсы біледі десем артық айтқандық емес. Жылдан-жылға ауыл көркейіп, кәсіпкерлік дамып келеді. Есеп беру кезінде тұрғындардың айтқан мәселесі ескерусіз қалған емес. Бұл ауыл әкімінің халықпен тығыз жұмыс істей білгенінің арқасы. «Береке бар жерде тірлік бар» дегендей, ауылдағы толымды тірліктің болуы береке-бірлігімізге байланысты. Бірлігі бекем ауылды гүлдендіруге атсалысып келе жатқан ауыл әкімін әрдайым қолдаймыз. Алдағы уақытта да ауылды дамытуға, гүлдендіруге оның тәжірибесі де, іскерлік қабілеті де жетеді.

Жақсыбек ИСАЕВ,

Қызылөзек ауылдық округінің қауымдастық кеңесінің мүшесі, еңбек ардагері.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

«ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ БАС ЖОСПАРЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ (СЭБ) ЕСЕБІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес, мемлекеттік әзірлеуші орган «Қызылорда қаласының бас жоспары» қала құрылысы жобасына арналған Стратегиялық экологиялық бағалау (СЭБ) есебін қарау процесінің басталғаны туралы хабарлайды.

СЭБ есебі сапасын бағалау үшін қоршаған ортаны қорғау мақсатындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі ұсынылды.

Қарауға стратегиялық экологиялық бағалаудың мынадай материалдары (бұдан әрі – СЭБ материалдары) ұсынылды:

- Құжат жобасы: «Қызылорда қаласының бас жоспары» жобасына түсіндірме жазба (негізгі бағыттары және іске асыру мерзімдері).
- Аумақтың сипаттамасы: Жобаның графикалық материалдары және схемалары.
- СЭБ бойынша есеп: Бас жоспарды іске асыру кезінде қоршаған ортаға, халықтың өмірі мен денсаулығына ақпарат елеулі әсерлер туралы ақпарат.

Бас жобалаушы: «Казгипроград» 1 Жобалау институты ЖШС.

Тапсырыс беруші: Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Құжатты әзірлеуге жауапты: Қызылорда қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты қатысуға шақыру

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, СЭБ материалдары мүдделі жұртшылықтың қарауына жатады.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) төменде аталған мәселелер бойынша өз ескерттері мен ұсыныстарын білдіруге шақырамыз:

1) жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) Жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты Сізге өзге де ескертүүлەر мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың жобалық кезеңін қарастырудың басталу және аяқталу мерзімдері:

- бастапқы жыл – 01.01.2024 ж., деректерді 01.01.2026 жылға жағдай бойынша нақтылай отырып;
- құрылыстың бірінші кезегі – 2032 ж.;
- есептік мерзім – 2045 ж.

Ескерткілер мен ұсыныстарды қабылдау бойынша іс-шаралар мерзімі: 2026 жылғы 28 сәуірден 2026 жылғы 30 мамырға дейін (ескертүүлەر мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2026 жылғы 30 мамыр).

Байланыс деректері:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі – Астана қ. Мәңгілік ел даңғылы, 8, Экологиялық мәдениет және саясат департаменті.

Тел.: 8 (7172) 74-13-83, 74-02-83, 87076173174.

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz; m.kunzhaksina@energo.gov.kz

Ескертүүлەر мен ұсыныстарды жазбаша түрде төменде көрсетілген мекенжайларға жіберуге болады:

– электрондық түрде Экология министрлігі электрондық мекенжайына: k.kense@ecogeo.gov.kz

Құжаттарыңыздың Кеңседе қабылданғанын міндетті түрде +77172 74-08-44 телефоны арқылы нақтылау қажет;

– e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz; m.kunzhaksina@energo.gov.kz;

– 8 7076173174 «WhatsApp» нөмеріне.

СЭБ бойынша материалдармен қайда танысуға болады?

СЭБ бойынша материалдар:

1) Экология министрлігінің сайтында («Қызмет» бөлімі) «Немүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?»

2) Тапсырыс беруші – Қызылорда қаласы әкімдігінің сайтында.

Қызылорда облағы қарсы күрес станциясының дәрігері

ӨМІР ҚЫМБАТ, АДАМДЫҚ СЕНІМ ҚЫМБАТ



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Жаңа Қызылорда: даму мен руханият үндестігі» атты «Әкім аға тілеулері» РКБ ұйымдастыруымен халықаралық Х форум аясында мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Әкім Ысқақтың «Өлімді жеңген махаббат», «Алтыным» кітаптарының қарақалпақ тіліндегі аудармаларының тұсаукесер рәсімі өтті.

Айта кетейік, Әкім Ысқақ Мәжіліс депутаты ретінде «Халықтың көші-қон туралы» заңын әзірлеуге үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері. Көші-қон туралы заңның арқасында алыс және

жақын шетелдерден 300 мыңға жуық отбасы, яғни 1 миллионнан аса қандасмыз атамекенге орады. Оның қаламынан туған «Жүректігі жазулар», «Адам іздеп жүрмін», «Көңіл қымбат», «Алтыным» атты кітаптарымен өз оқырмандарының құрметіне бөленген тұлға.

Бұл фөниде қашанда өмір қымбат, өмір қымбат адамдық сенім қымбат. Байлығы да дүние бәрінен де,

Көңіл қымбат, көңіл қымбат – деген керемет әннің авторы, бойына сан өнерді жинақтаған сандық өмір жолы көпке үлгі.

Тағылымды кешті республикалық Әкелер Одағының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Е. Ескендір жүргізді.

Рухани демалыс сыйлаған танымдық кешті облыстық мәслихатының төрағасы М.Тілеубетов ашып, қаламгерге облыс әкімі Н.Нәлібаевтың құттықтауын тапсырды. Облыс әкімінің орынбасары М. Шермағанбет, мемлекет және қоғам қайраткерлері

Б.Еламанов, Б.Қаюпов, Қ.Бисенов жүрекжарды тілегін білдіріп, шығармашылығына сәттілік тіледі.

Кешке журналист, тарихшы, ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңес мүшесі З.Әшірбек, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің профессоры Р.Махамбетова, Бердақ атындағы Қарақалпақ университетінің профессоры И.Сейтазарова, семейлік ақын Ү.Шарипова, жергілікті зиялы қауым, бұқаралық ақпарат құралы өкілдері қатысты.

Жыршы, республикалық байқаулардың лауреаты Ж. Жақсанов асыл сөзден өлең өрген тұлғаға арнау айта, шығармашылық иесінің әндерін белгілі өңші, композитор Ү.Ерниязов, Г.Ермағанбетова, М.Байжанов, Т.Шерниязқызы орындады. Шығармашылығын паш еткен талант иесі кеш қонақтары мен қалың көрерменге алғыс білдірді.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

«ENBEK HUB – QYZYLORDA» өңіраралық бос жұмыс орындары және жергілікті кәсіпкерлердің дайын өнімдері» жәрменкесі

Құрметті қызылордалықтар!

Сіздерді Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Абай және Ұлытау облыстарының делегациясы мен жергілікті жұмыс берушілердің қатысуымен өтетін «ENBEK HUB – QYZYLORDA» өңіраралық бос жұмыс орындары және «Жергілікті кәсіпкерлердің дайын өнімдері» жәрменкелеріне қатысуға шақырамыз!

Жәрменкеде Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Абай және Ұлытау облыстарынан білім беру, денсаулық сақтау, медицина, құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және өзге

де салалар бойынша барлығы 9984 бос жұмыс орны ұсынылатын болады.

Сонымен қатар жергілікті жұмыс берушілер тарапынан 318 бос жұмыс орны қолжетімді.

Жалпы жәрменке аясында 10302 бос жұмыс орны ұсынылады.

Өтетін орны: «Сыр болашағы» құзыреттілік орталығы, Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, №16 ғимарат.

Өтетін уақыты: 2026 жылғы 29 сәуір, сағат 11:00.

Ұйымдастырушы: Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы.

САҒ МЕН ТӨРПІ

ENBEK HUB-QYZYLORDA

Өңіраралық бос жұмыс орындары жәрменкесіне шақырамыз!

СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ, ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ, АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУМЕН ӨТІП ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМӨКЕСІ

ҚАТЫСУШЫ Өңірлер:

- АБАЙ ОБЛЫСЫ
- ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
- ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ
- СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
- ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ
- ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

+10 мың бос орын

Н. НАЗАРБАЕВ ДАҢҒЫЛЫ, 16

29 СӘУІР 11:00

«СЫР БОЛАШАҒЫ» ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Қырым-Конго геморрагиялық қызбасынан сақтаныңыз



Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы (ККГҚ) – адам өміріне аса қауіпті, жоғары өлім-жітім көрсеткішіне ие вирустық инфекция. Бұл дерт, әсіресе, көктем мен жаз мезгілдерінде кенелердің белсенділігі артуына байланысты эпидемиологиялық қауіп төндіреді.

Дерттің басты тасымалдаушысы – иксод кенелері. Инфекция адамға келесі жолдармен жұғуы мүмкін: Трансмиссивті жол: Вирус тасымалдаушы кене шаққан кезде;

Жанасу (контактті) жолы: Ауру малдың қанымен немесе биологиялық сұйықтықтарымен тікелей байланыс кезінде; Тұрмыстық жол: Науқас адаммен тығыз қарым-қатынаста болғанда (қан немесе басқа да бөлінділер арқылы).

Аурудың алғашқы белгілері: ККГҚ кенеттен басталады және өте жылдам өршиді. Мына белгілер байқалса, дереу дәрігерге жүгіну қажет:

1. Дене қызуының 39-40°С-қа дейін күрт көтерілуі;
2. Бастың қатты ауруы, буындар мен бұлшықеттердің сырқырауы;
3. Жүрек айну, қуеу және іштің ауруы;
4. Геморрагиялық белгілер: Мұрыннан, қызыл иектен қан кету, тері астына қан құйылу (когерулер мен ұсақ бөртпелер).

Сақтық шаралары: Өзіңізді қалай қорғайсыз? Мамандар келесі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды ескертеді:

- Табиғат аясында: Далаға шыққанда денені толық жабатын ашық түсті киім киіңіз (ашық түсте кене тез көрінеді). Шалбардың балағын шұлықтың ішіне салып, жеңі тығыз киімдерді таңдаңыз.
- Репелленттерді қолдану: Кенелерді үркітетін арнайы аэрозольдер мен кремдерді пайдаланыңыз.
- Мал шаруашылығында: Мал қырку, сою немесе күту кезінде міндетті түрде қорғаныш қолғаптары мен

арнайы киім кию қажет. Қора-жайларды жүйелі түрде дезинсекциядан (кенеге қарсы өңдеуден) өткізіңіз.

Кене шаққан жағдайда не істеу керек?

Егер дененіңден жабысқан кенеге қарсы, оны жалаң қолмен жұлып алуға мүлдем болмайды! Кенені езу вирус жұқтыру қаупін бірнеше есе арттырады.

• Мүмкіндігінше жақын маңдағы медициналық пунктке барыңыз.

• Кене алынғаннан кейін 14 күн бойы дәрігерлік бақылауда болыңыз. Егер осы мерзім ішінде дене қызуы көтерілсе, бұл туралы маманға міндетті түрде хабарлаңыз.

Есіңізде болсын: ККГҚ – емделуден гөрі, алдын алу оңайырақ болатын дерт. Сақтық шараларына жауапкершілікпен қарау – сіз бен жақындарыңыздың амандығының кепілі!

Г.АХМЕТОВА,

Қызылорда облағы қарсы күрес станциясының дәрігері

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» МАУСЫМДЫҚ СЕНБІЛІК ЕМЕС

ӘЛЕМ ТАЗАЛЫҚ ТУРАЛЫ АЙТА БАСТАДЫ

XXI ғасырда тазалық ұғымы көше сыпырумен өлшенбейді. Бүгін бұл қалдықты басқару, ауаның сапасы, су қауіпсіздігі, пластик ағыны және азаматтық мінез-құлық мәселелерін біріктіретін күн тәртібіне айналды. БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының есебіне сүйенсек, әлемдегі коммуналдық қатты қалдық көлемі 2023 жылғы 2,1 млрд тоннадан 2050 жылға қарай 3,8 млрд тоннаға дейін өсуі мүмкін. Ал қалдықты дұрыс басқармаудың тікелей және жасырын шығыны 2050 жылға таман жылына 640,3 млрд долларға жетуі мүмкін. Сондықтан көптеген ел тазалықты енді бір реттік акция емес, қоғамдық тәртіп пен экологиялық мәдениеттің өлшемі ретінде қарастыра бастады. Бұл бағытта әлемдік ауқымдағы «World Cleanup Day» қозғалысы 212 елде 139 миллионнан астам адамды біріктіріп үлгерді. АҚШ-та Keep America Beautiful ұйымы жүргізіп отырған «Great American Cleanup» өзін елдегі ең ірі community improvement бағдарламасы ретінде таныстырады және 2026 жылғы 4 шілдеге дейін 25 миллиард коқыс бөлшегін жинауды мақсат етіп отыр. Сингапурдағы «Clean & Green Singapore» науқаны болса, тұрғындарды таза, жасыл және тұрақты өмір салтына ынталандыруды басты миссия ретінде белгілейді. Яғни халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тазалық енді коммуналдық қызметтің ғана емес, ұлттық мәдениеттің де көрсеткіші.

ЛАСТАНУ ЖАЙ ҒАНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЕМЕС

Ластану туралы әңгіме көбіне көзге көрінетін коқыс пен ретсіз үйінділерден басталатыны жасырын емес, бірақ оның шынайы салмағы мен қоғамға тигізетін зардабы әлдеқайда терең. Қазіргі таңда экологиялық ахуалды тек қала көркі мен эстетика тұрғысынан қарастыру – үлкен қателік. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, жер шарындағы халықтың басым көпшілігі, нақтырақ айтқанда, оннан тоғызды ДДСҰ белгілеген қауіпсіздік стандарттарына сай келмейтін лас ауамен тыныстауға мәжбүр. Ауаның сапасыздығы тыныс алу жолдары мен жүрек-қан тамырлары ауруларын көбейтіп, денсаулық сақтау жүйесіне түсетін қаржылық салмақты еселеп арттырып отыр. Экология мәселесі бүгінде тікелей демографиялық қауіпсіздік пен еңбек ресурстарының сапасына әсер ететін факторға айналды.

Су ресурстары мен санитария саласындағы жағдай да осы мәселенің күрделілігін айғақтай түседі. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2025 жылғы тұрақты даму туралы есебінде көрсетілгендей, өткен жылдың қорығындысы бойынша әлемде екі миллиардтан астам адам сапалы ауызсуға қол жеткізе алмай отыр. Бұл дағдарыс тек құрғақтылықпен ғана емес, су көздерінің өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың ластануымен тікелей байланысты. Үш миллиардтан астам адамның тиісті санитарлық жағдайы жоқ екенін ескерсек, ластанудың әлеуметтік теңсіздікті тереңдетіп, жұпалы аурулардың ошағын қалыптастыратынын түсіну қиын емес. Таза су тапшылығы мен гигиенаның төмендігі экономикалық бәсеңділікті тежеп, дамушы елдердің жалпы ішкі өніміне айтарлықтай нұқсан келтіреді.

Бұл жаһандық мәселеге пластик қалдықтарының көбеюі тағы бір қауіпті өлшем қосып отыр. БҰҰ-ның Қоршаған орта бағдарламасының есептеулеріне, жыл сайын мұхиттар мен өзендерге жиырма миллион тоннадан астам пластик қалдығы түседі. Бұл тек су астындағы флора мен фаунадың жойылуы емес, сонымен бірге микропластиктің қоректік тізбек арқылы адам ағзасына енуіне өкпе соғатын жасырын қауіп. Пластик дағдарысы балық шаруашылығына, туризмге және жағалаудағы инфрақұрылымға миллиардтаған доллар шығын әкелуде. Ластану мәселесі көше көркін бұзатын сыртқы фактордан асып, ұлттық экономиканың табиғи капиталын әлсірететін және болашақ ұрпақтың өмір сүру ортасын тарылтатын жүйелі кедергіге айналды. Табиғатты қорғау сұлулықты сақтау ғана емес, бұл адамзаттың аман қалуы мен экономикалық тұрақтылықтың басты шарты.

ЭКОЛОГИЯ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қазақстан үшін экологиялық тәртіп мәселесі тек жаһандық «жасыл» трендтерге ілесу емес, бұл елдің ішкі қауіпсіздігі мен тұрақты дамуын сақтау үшін қажеттілік. Мемлекеттің 2025 жылғы статистикалық деректеріне сүйенсек, 2024 жылы еліміздегі тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі 25,8 пайызды құраған. Ал өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеу мен қайта айналдырмау қосу көрсеткіші сол кезеңде төмен болды. Бұл сан соңғы жылдары белгілі бір ілгерілеудің бар екенін көрсеткенімен, дамыған елдердің стандарттарымен салыстырғанда әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Қалдықтарды толыққанды айналым экономикасына (circular economy) көшіру үшін бұл көрсеткіштерді еселеп арттыру мемлекет алдында тұрған негізгі меже. Сондықтан экологиялық саясатты жаңғырту мәселесі бүгінде экономикалық тиімділік пен ресурстарды ұтымды пайдалануды басты тегігіне айналды.

Осы тұста «Таза Қазақстан» акциясының мемлекеттік маңызы айқындала түседі. Қазақстандағы экологиялық проблемалардың шешімі тек қоқысты шығару логистикасы немесе полигондар санын көбейтумен ғана шектелмейді. Мәселенің өзегі әрбір азаматтың күнделікті мінез-құлқына, инфрақұрылымның заманауи сапасына, цифрлық бақылау жүйелерінің тиімділігіне және жергілікті атқарушы органдардың кез келген заңсыздыққа әрекет ету жылдамдығына келіп тіреледі. Ел үшін экологиялық реформалар ең алдымен басқару жүйесі мен қоғамдық қатынастарды трансформациялау. Яғни, бүгінгі таңда мәселе «коқыс бар ма, жоқ па» деген шеңберден шығып, «қоғам экологиялық тәртіпті күнделікті өмір сүру нормасы және мәдениеті ретінде қабылдай алды ма?» деген сауал деңгейіне жетті.

Бұл тұрғыдан алғанда, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы маусымдық сенбіліктердің жиынтығы емес, ұлттық деңгейдегі ауқымды мәдени және институционалдық өзгеріс жасауға бағытталған прагматикалық қадам. Экологиялық жауапкершілік институтын қалыптастыру арқылы мемлекет қоршаған ортаға зиян келтірудің экономикалық тұрғыдан тиімсіз және әлеуметтік жағынан айыпталатын әрекет екенін ұғындыруды көздейді. Бұл бағыттағы жұмыс экологиялық білім беруден бастап, қалдықтарды өңдеу индустриясын қолдауға дейінгі кешенді шараларды қамтиды. Түптеп келгенде, бұл бектұрыс Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы жауапты әрі өркеніетті мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайтып, болашақ ұрпаққа таза әрі қауіпсіз табиғи ортаны аманаттаудың жалғыз жолы.

Басы 1-бетте



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: АКЦИЯДАН ТҰЖЫРЫМДАМАҒА ДЕЙІН

Ел Үкіметі 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ресми түсіндірмеге сәйкес, бұл құжат қоғамдық орындарда коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау инфрақұрылымын дамытуды, экологиялық қауіпсіз тәжірибелерді енгізуді және қоршаған ортаны ластауға «нөлдік төзімділік» мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Тұжырымдама іс-қимыл жоспарымен бірге қабылданған. Үкімет жанындағы түсіндірмеде тұжырымдаманың 7 бөлімнен тұратыны, оның негізгі бағыттары экологиялық ойлау мен мінез-құлықты қалыптастыру, экологиялық білім беру және ақпараттық-ағартушылық жұмыс екені көрсетілген. Сондай-ақ 2025-2027 жылдары қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеу жобаларын іске асыру, автоматтандырылған ауа мониторингі бекеттерін кеңейту, су жүйелерін цифрландыру, экологиялық құқық бұзушылықтарды бақылауды күшейту сияқты шаралар қарастырылған. Бұл жерде мемлекет тазалықты тек қол еңбегімен емес, инфрақұрылым, бақылау және цифрлық басқару арқылы да шешуге тырысып отырғаны байқалады.

«Таза Қазақстан» тұжырымдамасының бір ерекшелігі – оның цифрлық кері байланыс тегігі. eGov Mobile қосымшасындағы сервис арқылы азаматтар жол, саябақ, кіреберіс, жарықтандыру, санитарлық жағдай секілді мәселелерді фотоға түсіріп, жауапты органдарға жібере алады. Өтінім санатына қарай орындау мерзімі автоматты түрде белгіленеді, ал жұмыс аяқталған соң орындаушының фото мен түсініктемесі арқылы есеп береді. Өтінім жіберуші де атқарылған жұмыстың сапасын бағалай алады. Ресми дерек бойынша, сервис іске қосылған сәттен бастап-ақ сайт пен Telegram-бот арқылы 1500-ден астам өтінім түскен. Бұл «Таза Қазақстанды» дәстүрлі сенбіліктен тазалық тәртібін сақтауға жақындатады.

СЫР ЕЛІ – ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ БӨЛЕНГЕН АЙМАҚ

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы Сыр өңірінде кең көлемде жалғасын тапты. Президент саябағында өткен акцияға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, басқарма, департамент, инспекция басшылары мен қызметкерлері, еріктілер, экобелсенділер, жастар ұйымдары және студенттер қатысты.

Облыс бойынша 25 мыңнан астам адам акцияға атсалысты. Нәтижесінде 12 мыңнан астам тал егіліп, 325,7 гектар аула тазартылып, 320 тоннадан астам коқыс шығарылды. Тазалық жұмыстарына 250-ден астам техника жұмылдырылды. Бұл көрсеткіш өңір тұрғындарының қоршаған ортаны қорғау ісіне белсенді қатысып отырғанын айғақтайды.

Облыста «Таза Қазақстан» акциясы аясында тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілуде. Кәсіпкерлердің демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын және спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өтуде. Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата мемориалды аллеясы жаңартылып, Президент саябағы қайта жаңғыртудан өтуде.

«Таза Қазақстан» акциясы ел көлемінде табиғатты қорғау мен тазалық мәдениетін нығайтатын ортақ іске айналса, Қызылорда облысында бұл бастама нақты жұмыстармен жалғасып, жасыл желек егу, аумақтарды абаттандыру, қалдықтарды басқару және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру бағытында жана серпін беріп отыр.

Жыл басынан бергі көрсеткіштер өңірде бұл бағыттың жүйелі сипат алғанын дәлелдейді. Облыстағы тазалық шараларына 46 934 ерікті, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысып, 1067 тонна коқыс қалдық жиналған. 156 сквер мен парк, 225 тарихи-мәдени ескерткіш, 791 әлеуметтік нысан, 407 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 8 су айдыны мен 843 көше бойы тазартылған. Бұл жұмыстарға 248 техника жұмылдырылған. Қоғалдандыру бағыты да бастаманың мазмұнын тереңдетіп түседі. Өңір климатына бейімделген 27 450 түп қарағаш, терек, Сыр талы секілді қошetterдің егілуі экологиялық акцияның ұзақ мерзімді нәтижеге жұмыс істейтінін байқатады. Бұл арада ағаш отырғызу, өңірдің ыстық климаты мен шанды ортасына қарсы табиғи қалқан қалыптастыру қадамы ретінде маңызды. Арал ауданындағы «Келешек мектебінде» өткен «Жасыл мұра» шарасында түлектердің 100-ден астам тал егуі бұл бастаманың тәрбиелік және ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын игі іс екенін айқындап берді. Яғни экологиялық мәдениетті әкімшілік тапсырма күйінде қалмай, мектеп пен қоғамды байланыстыратын құндылыққа айнала бастады.

Демеушілер мен бюджет қаражаты есебінен демалыс орындары, ойын және спорт алаңдары жаңартылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар жөнделген. Қызылорда қаласындағы орталық алаң, мәдени-демалыс паркі және Қорқыт ата скверінің қайта жаңғыртылып, халық игілігіне берілуі, Президент саябағының жанадан салынып, тұрғындар мен қонақтардың демалыс орнына айналуы – осының нақты көрінісі. Бұл жерде экологиялық саясат қаланың сыртқы келбетімен, тұрғындардың күнделікті жайлылығымен және қоғамдық кеңістіктің сапасымен тікелей байланысып отыр. Өңірлік деңгейдегі жұмыстың тағы бір маңызды бағыты – қалдықтарды басқару инфрақұрылымы. Қызылорда облысында бұл салада 98,7 миллиард теңгенің 9 жобасы бар. Жаңақорғандағы сұрыптау кешенінің іске қосылуға дайын болуы және Сырдария ауданында жана полигонның пайдалануға берілуі «Таза Қазақстанның» нақты экологиялық экономикаға қарай қадам екенін көрсетеді. Бұл өте маңызды жайт. Өйткені қоқысты жинау бір бөлек те, оны сұрыптау, өңдеу мүлде басқа мәселе. Егер осы екінің кезең жолға қойылмаса, кез келген тазалық акциясының нәтижесі уақытша ғана болады.

Облыста өткен мәжілісте өңірлік дамудың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын, туризмді дамыту, қалалардың сыртқы келбеті және «Таза Қазақстан» бағдарламасын іске асыру мәселелерінің қатар қаралуы да бекер емес. Бүгінгі таңда тазалық мәселесінің экономикадан, туризмнен, инфрақұрылымнан және өмір сапасынан бөлек қарымтайын билдіреді. Өңірдегі туристік аймақтар, демалыс орындары мен жол бойындағы сервистік нысандардың талапқа сай болуы да тікелей тазалық пен тәртіп мәдениетіне тәуелді.


Қызылорда облысының ағаш отырғызу көрсеткіштері де бұл жұмыстың ұзақ мерзімді сипат алып отырғанын айғақтайды. Мемлекет басшысының елді мекендерге 15 миллион ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасы аясында облыстың 2021-2025 жылдарға арналған жоспары толық орындалып, 958,8 мың ағаш егілген. Қаланың кіреберісіне 7 мың, әуежай аумағына 4 мыңнан астам алма ағашының отырғызылуы, сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында қолдандыруға 18 миллиард теңге бөлінуі өңірдің экологиялық саясаты енді бір реттік шаралар шеңберінен шығып, инвестициялық және инфрақұрылымдық деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Алдағы 2025-2030 жылдары 71,5 мың ағаш, 658,6 мың шаршы метр жасыл аймақ және 428,4 мыңнан астам гүлзар отырғызу жоспары осы жұмыстың жалғасатынын білдіреді.

Бұл бастама аймақтарда тек коқыс шығарумен шектелмей, ауланы ретке келтіру, қоғамдық орындарды жаңарту, тарихи нысандарды күту, қалдықтарды басқару жүйесін құру, қоғалдандыру көлемін ұлғайту және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру бағытында жүргізілуде.

София ХАЙРУЛЛА

Газеттің келесі саны 1 мамыр, жұма күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына аударын, хабарландыру нәсінін жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4А.

Таралымы 3858 Тапсырыс №698

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ